



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 01 (1316) 21-қаңтар, 2003 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Сүйінші!

Парижден жеткен марапат

Франция астанасы Парижде Өнеркәсіпті қолдау ассоциациясының (SPI) 2002 жылғы халықаралық конкурсының қорытындысы бойынша ғылым мен білімді дамыту саласына қосқан зор үлесі мен әлемдегі үлкен беделі үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне "SPI Алтын медалі" табыс етілді. Ал, университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа білім мен ғылымды ұйымдастырудағы еңбегі мен шығармашылық табыстары үшін Алтын медаль берілді.

Өнеркәсіпті қолдау ассоциациясы (SPI) 1801 жылы Наполеон Бонапарттың жарлығымен құрылған болатын. Аталған қауымдастық (SPI) 1824 жылдан бастап қоғамдық маңызы жоғары ұйым мәртебесін иеленді. SPI өнеркәсіп, экономика, ғылым мен білім саласындағы прогреске өз үлестерін қосып жатқан алдыңғы қатарлы мекемелерді табу мен қолдауға ұмтылады. Алғашқы SPI Алтын медалі архитектор, Суэц каналының құрылысшысы – Фердинанд де Лессепке берілген болатын. SPI Алтын медалінің ең алғашқы шетелдік марапаты 1873 жылы телеграфты алғаш ойлап тапқан ағылшындық Карл Вэтстоунға тапсырылған. 1998 жылдан бері "SPI Алтын медалі" лауреаттығын алуға ТМД мен Балтық елдері де қатыстырылып келеді.

Алтын медаль, атаулы диплом мен төс белгісін SPI-дың 33-і Президенті Бернар Муссон Сен



Жермен алаңындағы "Люмьер" тарихи залындағы салтанатты мәжілісте тапсырды.

2002 жылғы 24 желтоқсанда өткен университетіміздің Ғылыми Кеңесінде академик Яхия Әубәкіров Франциядан жеткен алтын медалді ректорымыз Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың төсіне салтанатты түрде тақты. Ғылыми Кеңеске қатысушылар бұл сәтті жақсы ырымға балады.

Осындай елеулі сыйлықтардың жалпы университетіміз үшін үлкен мәртебе, зор қуаныш екенін айтқымыз келеді.

Редакция ұжымы



Туған күн

болуы. Ал, оқу орнын таңдаған абитуриентті алдымен "Осы партада отырып кеткен аға- апайлар қазір қандай портфель ұстап жүр?" деген сұрақ қызықтырады. Ал, бізді пәлен министр, түген әкім бітіргенін жарнамалай білуде үлкен мән бар. Өйткені, қазіргі буын жарнамасы жоқ болса нанды да жемей қиоға бар.

Қауымдастық пен түлектер арасындағы байланыстың жемісті болып жатқаны осы кеште де анық байқалды. Бұл жолғы университет туған күніне заң және журналистика факультеттерінің 1992 жылғы түлектері Тілек Байғабылов пен Ақмарал Қайназаровалар шығып, мерекелік лебіздерін білдірді. Тілек мырза өзі басшылық ететін "Grata" заңдық мекемесінің атынан оқу мен қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен танылған екі студентке (заң және халықаралық қатынастар факультеттерінен) арнайы шәкіртақы

корреспондент-мүшесі, 250-ден астам ғылым докторлары мен профессорлары, 800-ге жуық ғылым кандидаттары мен доценттерден құралған білікті ұстаздар құрамы жасақталуы интеллектуалдық қуат-күшіміздің жарқын мысалы болса керек.

Қазақстан – бейбіт аспан аясында азаттық акорды ойнап тұрған болашағы бекем, елдік үміттері ақталмай қалмас жас мемлекет! Ендеше, оның ертеңі базарда делдалдық жасап, қарнын жұбатқанға ғана таубе қылатындарға емес, университеттен диплом алып, дәптер қалам ұстаған арманшыл жастарға барынша тәуелді. Сол армандардың аттанис нүктесі саналар қазақстандық Гарвардта – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаз болу да, оған шәкірт атану да үлкен абырой!

Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ

ЖЕТІСКЕ БІР АЙНАЛЫМ ҚАЛДЫ



Тілек БАЙҒАБЫЛОВ

2003 жылдың қаңтар айының 15-і күні Тіл және тәрбие саласы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 69 жылға толу құрметіне арналған салтанатты кеш болып өтті. Кешті университет ректоры, ф.-м.ғ.д., профессор Т.Ә. Қожамқұлов құттықтау сөзімен ашты.

Ол өз сөзінде оқу ордасының қазіргі тыныс-тіршілігіне - ғылым мен білімде, мәдениет пен спортта және ұлттық құндылықтарға басым бағыт беріле бастаған тәрбие саласында бағындырған биіктерімізге тоқталып өтті. Сондай-ақ, халықаралық байланыстарымыз да нығайып келе жатқанын айта келіп, әлемнің әр елдеріндегі 72 жоғары оқу орындарымен біліктілікті байытар тәжірибелер алмасылып жатқаны жөнінде астын сыза айтты. Соның бір мысалы ретінде мерекелік жиынға бас қосқандарға Оңтүстік Корея елінен бізге ат басын тіреген Корей шет тілдер университетінің ректоры Анн Бенг Манды және түрік тілі факультетінің деканы Ким Де Сунды жұбайларымен таныстырып өтіп, екі тарапты жасалған келісімдердің баянды жалғасын таба береріне зор сенімін білдірді.

Өздеріңізге мәлім, бізде 2000 жылдың мамыр айынан бері "Шамшырақ" түлектер қауымдастығы жұмыс істеп келеді. Бұл заман ағымы әкелген қажетті қадамның бірі болғаны анық. Себебі, бүгінгі біз өмір сүріп жатқан демократиялық қоғамдағы шешуші фактордың бірі, ол - таңдаудың

тағайындағанын айтып қуантты. Және де жалпы түлектер атынан оқу ордасы мен оның қазіргі басшысына алғыс хат табыстады. Ал, Ақмарал ханымды баршамыз Қазақстанда үндінің классикалық би өнерін алғаш орындаушы дарын иесі ретінде жақсы білеміз. Ол көрермен қауымға әдемі биін тарту етіп, кеш көркін қыздыра түсті.

Кеш соңы Студенттер клубы қызметкерлері мен мүшелері күшімен ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасты. Ол өзінің түрлі жанрларды қамтыған әсерлі мазмұнымен көрермендерін бір серпілтіп тастады. Әсіресе, "Фараби сазы" оркестрінің сүйемелдеуімен хор орындаған "Тойбастар", Н. Жанпейісовтың орындауындағы "Қоңыр қаз", Ж. Қожағанинаның орындауындағы "Япурай" әндері жүректі тербеп, тәтті ләззат сыйлай білді.

Сонымен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың өзінің 70 жылдық дөңгелек датасына жетуіне бір айналым қалды. Ол аталмыш мерейтойға жоғары кәсіптік білім беретін №0000001 мемлекеттік лицензиясымен, 2001 жылдың 5 шілдесінде берілген ерекше ұлттық мәртебесімен, қазақстандық жоғары оқу орындары арасында Халықаралық университеттер ассоциациясына бірінші болып қабылданған мандатымен, т.т. титулдарымен бара жатыр. Бізде ҚР ҰҒА-ның 3 академигі, 10-нан астам



БҮГІНГІ

САНДЫ



БІЗ ДЕ ЖЕТІ КҮНГЕ
КЕШІГІП
ҚАЛМАЙЫҚ

3-бет



Ұлттық
қауіпсіздік
жастар көзімен

4-бет

Тыныс белгісіз
жазатын ғалымдар

5-бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

Өткен жылы, яғни 2002 жылдың 24-желтоқсаны күні өткен Ғылыми Кеңес мәжілісінде механика-математика факультетінің деканы Ш.С.Смағұлов факультет жұмысы жөнінде баяндама жасап, оның сөзін комиссия төрағасы З.Ж.Жаңабайев өзінің баяндамасымен толықтырды. Интернет жұмысының тиімділігі және оны жетілдіру мүмкіндіктері туралы компьютер орталығының бастығы У.А.Төкеевтің хабарламасы тыңдалды. Сондай-ақ ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордың орынбасары Ұ.Қ.Жапбасбаев Ғылыми Кеңестің 2001 жылдың 25-желтоқсанында жасаған "Университеттің даму стратегиясын жүзеге асыру барысындағы биология және биотехнология мәселелері ФЗИ-ының жұмысы" атты қаулысының орындалуы барысынан деректер берді.

Сонымен бірге университет басшылығы студенттер мен ұстаздарды ғылым мен білімде, спорт пен мәдениетте жеткен жетістіктерімен құттықтап, арнайы шәкіртақылар мен сыйақылар тағайындады.

РЕКТОРАТ

Қаңтардың 7-жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде Аспирантура және докторантура бөлімінің бастығы Д.Қ.Асанова, 2002 жылғы аспирантура мен докторантураға қабылдау қорытындысы жөнінде, Бірінші проректор З.А.Мансуров университеттің 70 жылдық мерейтойына дайындық барысы жөнінде хабарламалар жасады, ФЗИ-дің директоры К.А.Жұбановтың "Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ФЗИ-дің жұмыс тәжірибесі" атты хабарламасы тыңдалды.

Факультетте

СЕНАТОР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қаңтардың 19-шы жұлдызында Философия және политология факультетінде Парламент Сенатының депутаты, қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Әбділдин Жабайхан Мұбаракұлымен студенттер мен факультет ұжымының кездесуі болып өтті.



Бұл кісі философия факультетін 1954 жылы бітірген түлектердің бірі. Сөз алған Жабайхан Мұбаракұлы жалпы қазіргі ұлттық философияның даму бағыты төңірегінде ой өрбітіп, факультетке студенттер мен факультет ұжымымен кездесуге келгенін айтып өтті. Факультет тарапынан профессорлар М.С.Әженов, Л.Ә.Байдилин, Т.Х.Ғабитов, М.С.Орынбеков, К.Ү.Биекенов сөз сөйлеп, сөз соңын Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, профессор Намазалы Омашұлы Омашев қорытындылады. Сосын факультет деканы Ғарифолла Есімұлы Есімов депутатты келе жатқан 70 жасымен құттықтап, шапан жапты.

Кездесу соны факультет студенттерінің ұйымдастыруымен қойылған концертпен аяқталды.

Благотворительность

ПУТЬ К ДЕТСКИМ СЕРДЦАМ



В условиях становления государственного суверенитета Республики Казахстан и формирования законодательно-правовой базы, одним из наиболее важных направлений деятельности государства является его социальная политика. Вопросы социальной защищенности детей как нетрудоспособных граждан занимают при этом особое место.

Помощь социально незащищенной категории людей представляет собой сложную область деятельности не только целого ряда министерств, ведомств, но и межгосударственных, неправительственных международных организаций. Именно поэтому политика, осуществляемая государством в отношении таких граждан, является своего рода показателем его цивилизованности, уровня жизни, качественным критерием гуманизации общества, фундаментальной основой социальной политики государства.

Студенты как активная часть населения помогает реализовать социальную политику государства. Профессиональный союз студентов "Сункар" - общественное объединение, представляющее всех студентов КазНУ им. аль-Фараби, провел ряд благотворительных акций в поддержку детей-сирот и детей-инвалидов.

В 2001 году профсоюз студентов "Сункар" посетил Детский дом в г. Каскелен, а 29 марта 2002 года - Детский дом №1 в пос. Баганашил, ул. Алматинская, дом №26. Для поездок был выделен автобус из автопарка КазНУ им. аль-Фараби. Талантливые студенты подготовили интересную концертную программу для детей. Праздничную атмосферу создало вручение подарков и призов, сладостей, игрушек, вещей, собранных студентами всех факультетов нашего университета. Благодарные глаза и сияющие улыбки детей позволяют сделать

мероприятия делают этих детей более счастливыми. Аналогичные мероприятия проводятся и отдельными представителями нашей студенческой молодежи. Примером является студент 3-го курса факультета международных



отношений, Председатель РОО "Молодежь за здоровый образ жизни", звезда казахстанской эстрады Рахат Турлыханов. В канун Нового года он посетил Дом ребенка №1 г. Алматы. Там он поздравил воспитанников с Новым годом, пожелал им расти здоровыми, умными и красивыми детьми на благо нашего государства. Затем он раздал подарки, игрушки, а также вручил телевизор и видеоманитофон. Рахат высказал пожелание, чтобы дети по этому телевизору смотрели любимые мультфильмы и развивающие игровые передачи.

отметил необходимость уделять больше внимания и помогать детям-сиротам и инвалидам со стороны казахской молодежи.

Руководство Дома ребенка выразило свою благодарность гостю и высказало мнение, что именно молодежь, ярким представителем которой является Рахат, должна своим примером показывать необходимость заботы о детях, которые обделены здоровьем или лишены родителей, и не только по праздникам, но и в повседневной жизни. Ведь именно этим детям так не хватает тепла. На это Рахат Турлыханов ответил: "Забота о детях и в первую очередь о детях-сиротах и инвалидах - это долг каждого гражданина Республики Казахстан. Я надеюсь, что мы, молодое поколение, внесем свой вклад в это благородное дело".

Что касается студентов из числа детей-сирот, обучающихся в КазНУ им. аль-Фараби, то я хотела бы отметить, что они получают ежемесячную денежную компенсацию на питание независимо от формы их обучения, т.е. как из бюджетных, так и из внебюджетных средств университета.

В начале 2003 года, 17 января, мы, члены профкома "Сункар", посетили "Дом юношества" при детском фонде "Бобек", где живет студентка 1-го курса юридического факультета Сауле Тулегенова. Нас порадовало, что существуют такие дома, где заботятся о детях-сиротах в возрасте от 12 до 23 лет.

Лаура Кайыпова, председатель ОО "Профсоюз студентов "Сункар",

"Парасат" кәсіподағы

Қайырымдылықтан асқан ізгілік жоқ

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұловтың атына Қаскелеңдегі көмекші мектеп-интернаттың атынан алғыс хат жолданыпты. "Қаскелең көмекші мектеп-интернатының ұжымы мен тәрбиеленушілері Сіздің көрсеткен қайырымдылық шараларыңызға шын көңілден ризашылығын білдіреді. "Сіздің бастауыңызбен біздің балаларға үнемі көмек көрсетіліп келеді, университет біздің қайырымды досымызға айналды..." - делінген онда.



Осы бір жапырақ қағаздың артында жастайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметіне душар болған көптеген сәбилер тұр. Олардың естерінде Алматыдағы үлкен-үлкен оқу орындағы үлкен-үлкен аға-апаларының қамқорлықтар мәнгілік жатталып қалатындығы сөзсіз.

- Біз азық-түлігімізді, киім-кешек, басқа да солардың қажетіне жарайды-ау деген заттарды алып барғанымызда жанарлары жоудірген сәбилер алдымыздан жүгіріп шығады. Алыстан жақын адамдары келгендей қуанып, жылылық іздегендей болады,- дейді "Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева.

"Парасат" кәсіподағының Қаскелеңдегі жетім балалар мектебін қамқорлықтарына алғандарына біраз уақыт болды. Азық-түлік, киім-кешек, қаржылай жағынан үнемі көмек көрсетіліп тұрады. Сонымен қатар былтырғы жылғы балалар мерекесінде оларды ҚазҰУ-ге өкеліп, музей аралатып, сый-сияпаттар тарту етілген болатын. Сондағы жас сәбилердің қуанғанын көрсетіңдер ғой. Сол кезде Алматы қаласындағы №1 жетім балалар үйіне де қамқорлықтар көрсетілді. ҚазҰУ қызметкерлерінің арасындағы тұрмысы төмен, жалғызбасты аналарға да көмек қолын созулды бір сәт те жадынан шығарған емес. ҚазҰУ-де қызмет істеп жүріп қайтыс болған С.Б.Қараеваның жетім қалған балалары Гауһар мен Надираға жаз айларында "Парасат" кәсіподағынан 14500 теңге бөлініп, "Орленок" мектеп лагерінде демалыс ұйымдастырылған болатын. Желтоқсан айынан бері оларға ай сайын 2000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетіп тұруға шешім қабылданды. Сонымен қатар мерекелік қаржызбасты аналарға қаржылай көмек көрсетілді. Олар: К.Аманова (ректорат), А.Маликова (зан факультеті), Ж.Жамалова (биология факультеті), С.Шалымбаева (биология факультеті), А.Сарбасова (механико-математика факультеті), Д.Есімбекова, т.б.

Бүгінгі қоғамымызда тұрмысы төмен, өлеуметтік мәселелері шешілмеген отбасылар, жетім балалар көп-ақ. Соларды шешуге аз да болса қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей ҚазҰУ-дей үлкен оқу ордасының атынан "Парасат" кәсіподағының араласуы құптарлық іс. Қайырымдылық жайындағы бұл өңгімеміз болашақта да жалғасын таба берсе екен деп тілейміз.

Ғалия АҚСЕЙІТ,

Жастар саясаты



Өткен жылдың соңына таман он ойланып, жүз толғанып түзілген “Жастар туралы” Заң да әупіріммен депутат талқысына түскен болатын. Бұл заңды жазу әрі оңай, әрі қиын екені тәуелсіз ел жастарының бұрнағы еш атталып қабылданбаған “ерекше тәртіпсіз” өмір сүріп келгендігінде. Осынша уақыт құқықтық негіздерсіз-ақ таңы атып, тауығы шақырған жастарға ендігі заңның қажеті бола қояр ма екен деген сауал туады. Қажет!

БІЗ ДЕ ЖЕТІ КҮНГЕ КЕШІГІП ҚАЛМАЙЫҚ

Біріншіден, жастардың ешкімнің көлеңкесінде қалып қоймай, дербес әрі тұлғалық жағынан толық қалыптасуын қамтамасыз етеді. Екіншіден, күнде аяққа оралғы болып, кездесіп жататын тұрмыстық деңгейдегі мәселелер мен емен есіктерді именбей ашып, өз мүддесін төтесінен қоюға құқық береді. Дегенмен, аталған заңымызды мәртебелі Парламентіміз әлі де кейін ысырып қоятын сыңайы бар. Оған заңның жүзеге асу механизмін қалыпқа келтіретін қаржылық жағдайы қарастырылмағаны басты себеп. Осылай деп, бірнеше депутат өлденеше рет ұсыныс тастаған көрінеді. Енді бұл кешікпей сараң үкіметіміздің табалдырығын тоздырады деген сөз.

“Жастар туралы” заң үкіметтің кабинеттерін кезіп жүріп күндердің-күнінде қаржылық жағдайы шешіліп, оны депутаттар асықпай қарап және бір қайнауы ішінде кеткен заңның өзін иін қандырып, қайта-қайта кері қайырып, пысықтап болғанша да қанша уақыт кетер екен? Бір жыл? Өлде тағы да он жыл? Бұдан Парламент те, үкімет те еш ұтылмауы мүмкін. Қолдың қысқалығын, бар мүмкіндіктің пайдаланғандығын айтып ақталар. Ал, мемлекет жоғарыдағыдай кешігулерден үлкен зиян шегері анық.

Біздегі қордаланып қалған жастар саясатына соны серпін, кең тыныс беретін “Жастар туралы” заң жоғары деңгейде баяу қаралып жатқанда нақ осы мәселе Ресейде мемлекеттік тұрғыда кезек күттірмес күйіп тұрған шара ретінде Президент Путиннің өзі халқының алдында сөз алып, арнайы түзілген бағдарламаға қол қоятындығын

жоқтығынан, жұмыс істемей келгендігінен” деп мойындады. Енді мынадан кейін Ресей билігі жастар мәселесін жіті бақылауға алып, жастар ісі жөніндегі министрлік құрып жатса таң қалмаңыз.

Жастар денсаулығының нашарлауына есірткі заттарын, спиртті ішімдіктер мен темекі өнімдерін қолдану орасан зиянын тигізіп отырғаны мәлім. Оған нақты дәлел жоғары оқу орындары мен мектептегілердің сексен пайызы шылым



шегетіндігі! Темекі өнімдерін жастардың мұншалықты пайдалануы анық қауіп барын байқатады. Себебі, темекі шегіу нашақорлық дертіне шалдығудың алғы шарты екені анық. Оған мысал да жоқ емес. Жаңа ғасырымыздың басындағы ресми деректерге қарасақ, кейінгі бес жылдықтарда жастар арасында нашақорлық саны бес есеге өскен. Тіркелгені - 33041! Бұл жоғарыдағы республикамыз бойынша нашақорлар санының жетпіс үш пайызға жуығы жастар деген сөз. Яғни, бұл жағынан Ресеймен иық тірестірмесек, қалып тұрған жоқпыз. Ертелі кеш алып көршіміздің жоғары билігі сияқты біз де бір күні тәтті ұйқымыздан шоршып тұрып, жастар саясатын ауызға алар күн алыс емес. Ендігі мәселе соған жеткізбей-ақ жеделдетіп заңды қабылдап, аурудың алдын алуға тырыссақ етті!

Жастар саясаты, оның өзегіне айналған әлгі нашақорлық дерті сияқты мәселелер бұрынғы одақтас елдердің бәріне ортақ екен. Салыстырмалы тұрғыда осының әлеуметтік астарына үңіліп көрелікші.

Тоқсаныншы жылдардағы дағдарыста одақтас елдердің қай-қайсысы да жаңа ұрпақ, жас буын тәрбиесінде үлкен қателіктер жібергенін енді байқатып жатыр. Иә, ол кезде ескі тәжіктер мен өзбектер ескі қағидалармен өмір сүре алмады. Жаңасы түзіліп бітпеді. Дайын болған күнде бұқараның қабылдай қоюы қиын еді. Осы әрі-сәрі күйде жастар тәрбиесі ұмыт қалды, олар өз бетімен кетті. Дәл сол уақыттың жас өренін көше тәрбиеледі. Осыдан он жыл бұрын түрмеге түскен,

басқа-басқа қыз балалардың басым көпшілігі бұрнағы адам естіп көрмеген қылмыстың түрімен - құрбыларын, яғни қыз зорлағаны үшін отырыпты. Ал, сол уақыттан он жыл өткен соңғы бүгінгі күнгі қылмыскер нәзік жыныстылар адам өлтіргені үшін темір тордың арғы жағына аттанған. Ендігі он жылдан соң бозбаланы былай қойғанда, әлгі бойжеткендер арасындағы қылмыс түрі тіптен бұдан бетер күрделене, жан түршіктіреп алуан сипат ала түсетіндей сыңайы бар. Әлеуметтік зерттеудің қылмыскер ұлдардың ғана емес, қыздардың арасында жүргізілуінің сыры түсінікті.

Қызыңыз мынадай қылығымен тандандырғанда ұлыңызға не жорық? Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан іздейсіз!

Сонымен кешегі тағдыры бір, табиғаты ұқсас елдегі жоғары-дағыдай жайлардан біз де сабақ алсақ артық емес. Ортақ дәстүрден ірге ажыратып кете қойғанымыз жоқ. Өз соқпағымызды саралау жағы да әлсіз. Оны жолға қоятын, жастар саясатын реттейтін заң ауадай қажеттігін депутаттар жете түсінсе жарар. Себебі, әлгінде мәлім болғандай жас ұрпақ тәрбиесі бүгінде өзекті.

Бұл ретте аңызға айналған мына бір оқиға назар аудартады. Егделеу тартқан шағында сәбилі болған бір азамат ауылының көргенді ақсалының батасын алып, баласын тәрбиесіне бермек ниетпен алдына барады. Ақсақал баланың туылғанына қанша уақыт болғанын сұрайды. Сонда әкесі ұлының дүниеге келгеніне жеті күннен асып бара жатқанын баяндайды. Қария бұған қарны ашып: “Онда, балам, кешіктің. Жеті күнге кешігіп қалдың”, - депті.

Аңыз да болса астарында ақиқат барын аңдасақ, дәл қазір бұның біз үшін салмағы зор. Нашақорын емдерміз, намысызын ше? Жас өскіннің бойындағы жат әдет жалған отаншылдыққа дейін өсіп кетсе оны сылып, алып тастай алмайсыз. Ол дерттің ең оңай дауасы - Бәрі де, оның ішінде болашақ та балалық, жастық шақтан басталатынын ойлау, ойлап қана қоймай дер уағында қолға алу.

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметінің жетекшісі

Рух салтанаты

ТӘУЕЛСІЗДІК ТЕГІН КЕЛГЕН ЖОҚ

Қасиетті қазақ тарихының керуені талай ғасырдың белесі мен қыратын артқа тастады. Бірақ, осынау көште жанын сақтап қана қоймай, бақытты болашаққа деген тәуекел нық сенімін жетелей басқан қайсар қазақ жаңа ғасыр бекетіне тәуелсіздік туын желбіретіп көтеріп, ат басын тіреді! Алшысынан түскен сақадай болған бұндай тосын оқиғаның қуанышын сөзбен айтып жеткізу қиын.

Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен жол бастап, ат үстінде өткен ғасырлар да артта қалды. Хандығымыздың іргесін қалап, тұтас ел болуға шақырған Өзбек пен Жәнібек, татулық пен бірлікті ту еткен Бөкей мен Абылай, Есім мен Тәуке, Қазыбек пен Әйтеке, Төле би сияқты ұлықтар ұлт тарихында ұлы тұлғалар ретінде мәңгі қалды.

Ереуілдеп еркіндікке қол созған жастарымыз алаңда қаршадай өмірін ажалға тігіп, халық санасын тағы бір оятты. Асыл жүректің жалынымен асқақтаған, берік рухшыл намысты Қайрат, кешегі Ләззат, Сәбиралар орыс бодандығының бұғауына шыдамай, бүкіл қазақ жастарын арманға жетеледі. Соңы, сағымдай елеске айналған арман сол жастардың пәк көңілінде шарқ ұрып, талайын сонда құрбан етті. Тамыры қатып, бүршігі бітіп үлгермеген жан шыбықтай нәзік те, жайсаң өмір-ай десенші!

Одан кейінгісін, жарқабаққа тіреліп, қабағын қарс айырған халықты арада жүйткіп өткен бес жыл көпірше төселіп, төріне дәл жеткізді. Сенер-сенбесімізді білмейміз... Көкірегімізді кернеген “Қазақстан - тәуелсіз мемлекет!” деген қасиетті де қастерлі ұлы сөздің қуатына сүйсінген байтақ өлкеміз астаң-кестең тулап, аптыққан асаудай бір желпініп алғандай болды.

“Төбесіз жер, төресіз ел болмайды” дейді ғой атам қазақ. Халық Нұрсұлтандай ұлын өсірді. Жарқын болашақтың тағдыры үшін Елбасы етті, ел тізгінін қолына тапсырды. Жайнаған жарық күннің жетегінде самғаған қыраны бар, күлш бергісіз көк Туымызды, тұлғымен намысымызды қорғаған алып тұлпарымыздың қос бейнесі енген Елтаңбамызды, шырқағанда жан дүниенің тебіреніп, көңілге ұлт сезімін орнататын Әнұранымызды дүниеге әкелдік. Сонда барып күрлық бетіндегі құжынаған елдер арасынан өзімізді жоғары сезіндік! БҰҰ-ға мүше болып, алғаш дүниеге теңемізді әкеліп, өмірлік Ата Заңымызды қабылдап, енді ешкімнің бізге қол сұға алмасына түбегейлі сендік. Әрі өзге ұлттармен теңесіп, бір елі сонынан қалмауға талпынған ой-санамыз әл беріп, қоғамдағы қадамымызды жетелей түсті. Туған жер топырағынан түнгіш аспан әлеміне жол да салдық. Талғат пен Тоқтардай ұлдарымызды ақ жол тілеп, төсімізден көк төріне ұшырдық. Төрткүл дүние таныды.

Абай мен Жамбыл бабаларымызды, Мұхтар мен Қанышай ұлдарымызды еске алып, қайта оралдық, халық болып рухына бас иіп, әруағына тағзым еттік.

Елім деп еңіреп өткен боздақтарымызды қайта түгендедік. Кие тұтып атын жаңғыртуға серт бердік. Қалың ел боп, ұрпақтар сабақтастығы мен бірлігін түзедік. Бейбітшіл мақсатымызбен Орта Азия барысына айналуы жөн көрдік, Елбасымыздың “2030 стратегиялық бағдарламасы” жарық дүниеге келді. Қысық көз Қытай мен тақиялы өзбек ағайындарымызбен арадағы даулы шиеленістерді шештік, шебімізді түбегейлі етіп, шекарамызды мәңгілік қылдық.

Еркін жатып, кеңінен көсілген Сарыарқа жазығы Орда атанды. Оңтүстіктен ауған Астана ендігі табан тіреген кутты қонысына мығым орнықты. Ол енді қазақ жерінің жүрегі ретінде дүрсілдеп соға бермек...

Міне, осы тәріздем мағыналы мақсаттармен мәдениетті де көш ілгері дамыттық. Өнер мен білімге асқақ орын бөлдік. Мемлекеттік тіл дәрежесін көтердік. Осыншама сан түрлі істердің жиыны - тәуелсіздіктің арқасы екендігі анық.
Әйгерім КАМАЛОВА



Мәдениет, оның өзінде де ұлттық мәдениет ауылдан бастау алады. Қазақтың құдай берген бір қазынасы күй, ән, шешендік өнерлердің де тұма бұлағы Ауыл! Тіптен спорт саласының санлақтарын да тәрбиелеген ауыл екені белгілі. Ал ауылшаруашылығының мемлекетке келтіріп отырған қыруар пайдасын айтпай кету күнә!



Мәди
Әсетұлы,
журналист

АУЫЛ - МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ

Жалпы алғанда әр мемлекеттің қозғаушы күшінің ролін ауыл шаруашылығы, ауыл мәдениеті атқарары анық. Мысалы әлемді таң қалдырып, жер жүзін шыркөбелек билетіп қойған рэп музыкасы негрлердің ұлттық өуені мен бишілігінің жарықшағы. Әлемдік классика саналып жүрген Бах, Моцарт, Вивальди музыкалары да Еуропа ұлттарының өуені. Дегенмен, осындай өнер салаларының бір қырына құлақ қойып, ыстық пейілін білдірер де провинция, яғни ауыл.

Ауыл, ауыл дегенде еске ең бірінші апаларымыздың түрлі той-томалақ, сабантойларда салатын әндері түседі. Жоқ, ең бірінші сәбиін өнмен тербеткен ана айтқан бесік жыры жадыға оралады. Сосын барып басқасы. Түрлі кәде, құдалық ырымдар, салт-дәстүрдің ұясы ауыл екені осыдан-ақ беп-белгілі болып шығады. Сонымен бірге ғасырлар бойы қазақтың жанына тұрмыстық мұқтаждық үйреткен диқаншылық, аңшылық-малшылық та атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүр. Осындай ұлттық дәстүрді үзбей болашаққа жеткізу - бүгінгі ұрпақ міндеті.

Алдағы үш жылды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Ауыл жылы” деп атап, ауыл мәдениетін көтеруге жарлық берген-ді. Осы бір игі бастаманы орындау, ауыл мәдениетіне титтей болса да көмек көрсету өзін қазақтың деп есептейтін әрбір азаматтың борышы.

Құдайға шүкір, қазір жоғарғы оқу орындарында ауыл мәдениетінен сусындаған, келешекке үлгі боларлық

жастар тәрбиеленуде. Сол ертеңгі жас маман, бүгінгі студент қауымның Қазақстан Республикасының ертеңіне мол мұралы қазына қалдырарына бек сенімдіміз. Оған дәлел, қазіргі ауыл мәдениетін, тәрбиесін ұстап тұрған мектеп оқушылары білімінің жоғары деңгейге көтерілгендігі. Оны қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне бір жылда тапсырған абиуриенттердің білім сапасынан-ақ байқауға болады.

Ал енді ауылдан бастау алатын ұлттық өнерімізді байыту мәселелерін дамытудың тиімділігіне тоқталсақ. Біріншіден, жас мамандардың мамандылығына орай ауыл ортасында жұмыс істеуге мүмкіндіктің молдығы, ауылшаруашылығы болсын, ұлттық өнердің, әдебиеттің, мәдениеттің болсын өркендеуіне кең жол ашады. Ауылшаруашылығында өнертапқыш ағайындардың бастамасымен жас мамандар идеясынан жаңа заман талабына сай техникалар дүниеге келері әбден мүмкін. Тіпті әлем жұртшылығын елең еткізер тиімділігі орасан техника халық тұтынуына ұсынғандары да хақ. Ал ұлттық өнеріміз ән мен күйдің әлемдік сахналарда орындалуына да түрткі болатын жас мамандар. Ұлттық музыка аспаптарымыз әлем жұртшылығының назарына ілініп, ыстық ықыласына бөленеріне кәміл сенімдіміз. Қобыз, домбыра, сырнай секілді жауһарларымыз жарқырап, жаһан жанарын өзіне

аударуы жанымызды нұрландырады.

Әлем әдебиетінен, жас мамандар тәрбиелеген ұрпақтың шығармашылығы елеулі орындарға ие болса, біз үшін үлкен мақтаныш. Әдебиет сүйер қауымның сүйікті авторлары Л.Толстой, Шекспир, Дюма, Достоевский, Чехов, Акутагава, Маркес, Әуезов, Айтматов сынды прозаиктердің шығармалары қатарынан қазақ ұлтының тағы бір ұрпағына орын

сайлаулы. Ол болашақта орындалар арман!

Ұлттық салт-дәстүріміздің өркендеп кең қанат жаюына, ұста-зергерлік, диқандық, малшылық секілді мұраларын әлемге үлгі қыларына қазақтың қара баласының қарымы мол! Осындай мол мүмкіндіктерімізді жаһанға жария ету жалпы қазақ жұртшылығының жалғыз мақсаты. Мұндай мақсаттың орындалуына қозғалыс беретін, толқын тудыратын тұлғаларды тудыратын топырақ ауылда екені белгілі. Осы топырақты тыңайтып, нәр беретін құнар, жоғары оқу орындарының білім бастауы мен рухани тәрбиесі. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының “Ауыл туралы” жарлығының мән-мағынасы да осында жатыр.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл жарлыққа өзіндік үлесін, болашақ мамандар тәрбиелеу арқылы орындап отыр. Келешектің кемел кезеңінен керемет күтер күніміздің арайлап атуы үшін, халыққа қызмет ететін жоғарғы оқу орындары. Осындай білім ордалары бар ел қашан да бақытты! Бақытымыз баянды болғай.

ТУҒАН ЖЕР - АЛТЫН ТАМЫР!

... Ғашықпын. Шын ғашықпын. Кімге ғашықпын, неге ғашықпын...

Осынау алтындай жалтырап тұрған сары күзге ме? Жоқ.

Әлде кеше ғана кездескен сол бір таныс жанға ма?.. Жоқ.

Мүмкін, осы қызығы мол студенттік өмірге шығар. Жоқ.

Мен ғашықпын, ғашықпын тек туған жеріме. Күн сайын сөйлескен әр қазақты көргенде, қазақтың қазақтығын танытатын қазақ тілін естігенде қалай ғашық болмасқа.

Анаңдай алғаш айналған, өкендей тұңғыш тербеген ыстық та, от болып лапылдап, бойда сөнбейтін жалын да, шабытым тасып, сезімді арнайтын және оны ешқандай күш жеңбейтін менің арым да, өмірі ғашық боп өтетін алғашқы да соңғы махаббатым да осы туған жер.

Иә, шыр етіп жерге түскен соң, қасиетті жерден кеудеме нәр сіндіріп, аңқыған жусан иісінен күш-қуат алып, қанат бітіп ұшқан жерім - қасиетті Торғай даласы. Осы күдіреті күшті далада туғанымды мақтан тұтамын. Себебі, бұл қасиетті жер елім деп еңіреп өткен, халқым дегенде қабырғасы сөгілген Ахметтей қаламгер, Бейімбеттей жазушы, Міржақыптай қоғам қайраткері, Қ.Әбілов пен Әлфия Орман-шинадай суырып салма айтыскерлер, Сәбит Досановтай жазушы, тіпті, Сырбай, Ғафуымен де шын таланттың ордасы.

Сонымен қатар арылмас дертке шалдыққан адамға көмек беріп сауықтырған тұңғыш қазақ дәрігері М.Қарабаев та осы жерден шыққан.

Ең ұмытылмасы қасық қаны қалғанша жерін жауға бермей соғысып өткен Аманкелді, Әліби, Әбдіғалпар, Кейкі батырлар да Торғай даласында дүниеге келіп, дүниеден өткен екен.

Тіпті, алғаш рет осы Торғайда Ыбырайдың өзі қараңғы далаға шырақ жағып, мектеп ашқан

болатын.

Ақ көбігін суынның
Деп жұтушы ем “шекерсін”
Өсе келе ұғындым
Жыр өзені екенсің.

Шынында да Торғай - ақындар поэзиясының әрдайым нәр алатын жыр өзені емес пе?!

Гейне Рейнді айтқанда, Пушкин Неваны, Некрасов Волганы айтқанда, ал Әбділда Сырды айтқанда, сүйікті өзендеріне туған жер, ел, Отан деген секілді кең мағына беріп алатыны аян ғой. Сондай-ақ Торғайға арналған өлеңдерінде Сырбай да, Ғафу да осы тұрғыдан келеді. Ал мен ше? Мен қашан “Торғайым” деп бүкіл әлемге жар сала жырлаймын. Бірақ, менің арман асуларым әлі алда. Оған жету үшін әлі де қос қанаттың қауырсынын қатырып, тұғырын бекіту қажет және осы арманға жетемін де.

Гүлім ЗУЛХАРНАЕВА,
ҚазҰУ-дың 1 курс студенті



Туған жер - әркімнің кіндік қаны тамып, буыны бекіп, аяғынан тік тұрар құтты мекені. Адамға ең алғаш нәр беретін де туған жер. Туған жердің тау-тасы, топырағы мен ауасы әркім үшін өте ыстық. Туған жердің қадір-қасиетін, оның ыстығы мен суығын өткерген адам ғана түсінеді.

САҒЫНБАЙ ҚАЛУДАН ҚОРҚАМЫН

Туған жер жырға қосса жырлап бітпейтін, өнге қосса айтылып таусылмайтын бір дастан. Туған жерін өнге қоспаған ақын кемде-кем шығар. Оның әрбір жаратылысын, тіпті әрбір тасын сөзбен айтып жеткізу өте қиын. Бұрынғы ата-бабамыз өздерінің туған жерлерін жау қолына бермеу жолында қаншама қиындықтарды бастан өткерді. Кешегі қазақ жерінде болған көптеген толқулар, еліміздің, жеріміздің сөнін бұзған жоқ па? Қиындықтардың бөріне төзіп, қазақ атын, затын жоғалтпай туған жерімізді гүлдендіріп, туын биікке көтерді. Менің ауылым осы кең даланың, баға жетпес байлығымыздың бір бұрышында орналасқан. Ол Семей қаласының баурайындағы Мақаншы ауылы. Мен үшін өз ауылым жүрегімнің төрінен орын алған алтын бесік. Осы бір киелі шаңырақта кеше ғана жарық дүние

есігін ашып “мектеп” атты шаһардан, “ұстаз” атты би-сұлтандардан білім нәрімен сусындап едім. Қызығы таусылмас, қайғысынан гөрі қуанышы мол балалық шағым да өзінде өткен еді. Өмірге деген көзқарас ең алғаш өзінде қалыптасты. Аялы табиғатыңның аясында еркеле жүріп, алғашқы қиял-арманым да туындаған еді. Кеше ғана сенде жүргенімде өзімді бақытты сезініп, өмір атты ағысы қатты өзен соққысынан қорғар қорғаныш едің. Кешегі гүлденіп тұрған бейнең, бүгін солып қалғандай. Өзіңді осындай халге жеткізген нендей күй? Ағаштарың кесіліп, ғимараттарың қирап жаның күйзеліп тұрғандай. Осы күйзелісіңді түсінер жан бар ма екен. Осы орайда туған жердің қадірі жайлы Ж.Аймауытовтың “Қартқожа” романындағы туған жерге деген сағыныш жанымды толғандырады.

Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?

Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатылған, ұзатылғанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе кім білсін?

Туған жердің қымбат екенін ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шөкірт білмесе кім білсін?

Өзіңнен алыстаған адамның саған сағынышы арта түседі. Иә, өзіңнен бір сөт алыстап шыққанымда, өзіңе деген қимастық сезімім туған еді. Сен деп соққан жүрегімнің төріндегі жайтөбендей төбен, өзендеріңді қимастықпен қазір еске аламын. Туған жерге жететін жер жоқ қой. Өзіңе қашан жетер екем аяулы ауылым, қадірлі туған жерім!

Айнұр ЖЫЛҚЫШЫНОВА,
1 курс студенті



Аяз ата келіп тұр...

ЖАСЫЛ ШЫРШАНЫ АЙНАЛА



2003 жылдың 3-ші қаңтарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрге айналған Жаңа Жылды қарсы алу мерекесі үлкен қызығушылықпен, әсерлі той-думанмен өтті. Мәселен, жаңа жыл мерекесінде студенттер, магистранттар, аспиранттар және университет қызметкерлерінің балаларына жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

Ғабит Мүсірепов атындағы жастар және жасөспірімдер театрынан шақырылған Сәкен Рақымбаев бастаған өнер адамдары университет балаларына арнап жаңа жылдық "ТИТИ" атты қойылым көрсетіп және Жасыл шыршаны айнала Ақшақарды жетелеген Аяз атамен ертегі кейіпкерлері: Жалмауыз кемпір, Қасқыр, Қарабас-барабас, Жаңа Жыл балалармен билеп, ән айтып, ойындар көрсетті.

Балалар жаңа жылға арнаған өнерлерін көрсетіп, Аяз ата қолынан сыйлықтар алды.

Қойылымдарды бүлдіршіндер қызыға қабылдады.

Балалар мен ата-аналар Аяз атамен суретке түсті.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, ардақты ұстаздар мен студенттер!

Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жарқын жетістіктерге толы болып, қой жылында жаңа табысқа жете беріңіздер, береке-бірлік, зор денсаулық тілейміз!

Роза Қасымова,
әлеуметтік бөлімнің
бас маманы

Хабарландыру

Құрметті өріптестер!
2003 жылдың 5-7 ақпаны аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде кредиттік технологияны жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік аспектілері" деген тақырыпта XXXIII ғылыми-әдістемелік конференция өтеді.

Конференцияның жұмыс бағыты:
Секция 1. Кредиттік технологияға негізделген магистратурадағы оқу

процесінің проблемалары.
Секция 2. -Оқытудың дәстүрлі және инновациялық тәсілдері.
Секция 3. Тілді меңгерудің өзекті мәселелері.
Секция 4. Білім беру саласындағы ақпараттық және коммуникациялық технология.
Секция 5. Студенттерді тәрбиелеудің басты бағыттары.

Ұйымдастыру комитеті

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Совместным решением министра образования и науки Республики Казахстан Ш.К. Беркimbаева и ректора Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова, академика В.А. Садовниченко лучшим студентам 2 курса, обучающимся по специальности "Русский язык и литература" в казахстанских вузах, предоставляется возможность участвовать в конкурсе на заполнение вакантных мест 1 курсе филологического факультета в Казахском филиале МГУ.

Документы на открытый конкурс принимаются до 6 февраля 2003 года, конкурсный отбор будет проводиться с 6 по 8 февраля 2003 года. Успешно закончившие семестр и прошедшие

конкурсный отбор студенты будут приняты для продолжения обучения на 1 курсе филологического факультета МГУ (Казахстанский филиал) по грантам РК т.е. обучение для них будет бесплатным.

Заявление об участии в конкурсе направлять по адресу: 473033, г.Астана, ул. Мунайтпасова, 3, каб. 402, телефон 35-58-71.

К заявлению прилагаются следующие документы:

1. Личное заявление на имя ректора МГУ, академика РАН В.А. Садовниченко с просьбой о переводе.
2. Копия документа о среднем образовании.
3. Копия зачетной книжки.
4. Две фотографии.

АЛҒЫС

Өрлей бер,
"Азамат"!

Қазіргі таңда телеарналарда жастардың танымдық бағдарламалары өте көп. Алайда, бір өкініштісі, көпшілігі шүлдірлеген орыс тілінде. Қазақ тіліндегі жастардың танымдық бағдарламасына тек қана "Хабар" агенттігіндегі "Азамат" теледебаты жатады. Ұлттық пікір-сайыс орталығының негізінде құрылған бұл бағдарлама еліміздің білімді жастары қоғамдағы өзекті проблемаларға, болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге тоқталып, жан-жақты талқылап, елеулі ой, кемелденген пікір айтып жатады. Бір қуанарлығы, осы жастардың басым көпшілігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар, заң, экономика және бизнес, журналистика, тарих, филология факультеттерінің студенттері болып табылады. Сонымен қатар, бағдарламаның редакторы әрі пікір-сайыстың жүргізушісі - заң факультетінің магистрі Орынбасар Тілепбергенов.

Биыл 19 қаңтарда осы бағдарламаның эфирге шыққанына 2 жыл толады. Жастардың қазақ тілінде осындай бағдарламасын шығаруға ұйытқы болып отырған Ұлттық пікір-сайыс орталығына және оның атқарушы директоры Отарбаева Бақытнұр Зейноллақызына, "Хабар" агенттігінің ұжымына ризашылығымызды білдіре отырып, шығармашылық табыстар тілейміз.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,
ҚазҰУ-дағы студенттік қоғамдық ұйымдардың үйлестірушісі

ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА ӨТЕДІ

Елімізде Президентіміздің Жарлығымен былтырғы жыл "Денсаулық жылы" деп жарияланған болатын. Осыған орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен көптеген спорттық іс-шаралар жүзеге асты. Конференциялар, дөңгелек үстелдер, түрлі деңгейдегі жарыстар, ЖОО-лар арасындағы спартакиадалар өткізілді. Денсаулық жылы аяқталғанымен, адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, спортқа баулу, денесін шынықтыру ісі аяқталған жоқ деген ниетпен "Парасат" кәсіподағы тағы да бір спартакиаданы өткізуді қолға алып отыр. Биыл 31-ші рет өткізілгелі отырған дәстүрлі жарыс университеттің өртүрлі спорт залдарында 27 қаңтар мен 1 ақпан аралығында өтеді.

Жарыс бағдарламасы төмендегідей:

Спорт түрі	Өтетін орны	Өтетін уақыты	Бас төреші
Волейбол (ерлер)	Химфактың залы	27.01-29.01.03 ж. сағ. 14-00.	Кудашов С.В.
Волейбол (қыздар)	Химфак залы	30.01-01.02.03 ж. сағ. 14-00	Кудашов С.В.
Шахмат	Спорт кешенінің шахмат клубы	27.01.03 ж. сағ. 15-00 28.01-29.01.03 ж. сағ. 10-00	Носков А.А.
Үстел үстіндегі теннис	Физфак спорт залы	28.01-29.01.03 сағ. 14-00	Жаркешев К.
Бадминтон	Спорт кешені N1 зал	27. 01. сағ.15-00. 28.01-29.01.03 ж. сағ. 10-00.	Андарбаев О.С.
Мини-футбол	Спорт кешені N2 зал	27.01.03 ж. сағ. 15-00 28.01.-31.01.03 ж. сағ.10-00.	Андарбаев О.С.

Фотоэтиюд



Алтынай САДЫКОВА,
Халықаралық қатынастар факультетінің студенті

"Қыс-2003"
атты мереке
шақырады

2003 жылдың 2 ақпанында жалпыуниверситеттік "Қыс-2003" атты мереке өткізілмекші. Ол ҚазҰУ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулықтарын шынықтырып, демалыстарын ұтымды, қызықты ұйымдастыруға бағытталған. Өтетін жері - "Восток-3" мектеп лагері. Сол күні сағат 10.00-де ректорат автотұрағынан арнайы көліктер жүреді. Спорттық мереке бағдарламасында эстафета, гирь көтеру (16 кг), арқан тарту, отбасылық эстафета, мини-футбол, шахмат спорт түрлері болады. Жеңімпаздар "Парасат" кәсіподағының арнайы сыйлықтарымен марапатталады.
"Парасат" кәсіподағы

Махаббат жайлы отырсың ба
Кеңес сұрап,
Сүйетін жан
"Бұлай сүй" демес, шырақ.
Саған ұқсас қыз көрсем,
Осалдауым,
Бұл, әрине, мықтылық емес бірақ.

Жанарыңды қоя түр дөңгелетпей,
Көздің жасы жүр қазір
Емге жетпей.
Саған ұқсас қыз көрсем,
Айрылғым жоқ,-
Мықты болғым кеп жүрген
Менде жоқ қой ой.

Бәрі махаббат,
Құдайым оңдасын тек.
Жанса, жансын жүректер,
Тонбасын тек.
Саған ұқсас қыз көрсем,
Сүйем бәрін,
Маған ұқсас жігіттер болмасын тек!

Жүмекен
НӘЖІМЕДЕНОВ

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің "Снқар" кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -
Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары -
Нәйлә Салықова;
Жауапты хатшы -
Дариға Амангельдиева;
Теруші - Айтгүл Бабасова;
Көркемдеуші-беттеуші -
Айдын Әдібекұлы;
Фототілуші - МАМЫРЖАН;
Нөмірдің кезекші редакторы -
Мәди Алжанбай.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Полиграфсервис" баспаханасында
(Жандосов көшесі - 55)
21.01.2003 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы - 3000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозғарсым билдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.